

Азаматтардың жекелеген санаттарын санаторлық-курорттық емдеу үшін облыстық бюджеттің қаражаты есебінен жеңілдіктер беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімінің 2002 жылғы 20 ақпандағы N 47 қаулысы. Қостанай облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 29 наурызда N 1339 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2009 жылғы 3 тамыздағы № 297 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2009.08.03 № 297 қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбқа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Әкімиятының 2005 жылғы 21 ақпандағы N 62 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 21 маусымдағы N 1900 "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 44-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 желтоқсандағы N 1758 "2002-2005 жылдарға арналған мүгедектерді сауықтыру бағдарламасы туралы" қаулысына сәйкес облыс бюджетінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Қостанай облысының әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған мүгедектердің жекелеген санаттарын санаторлық-курорттық емдеу үшін облыстық бюджеттің қаражаты есебінен жеңілдіктер беру ережесі бекітілсін.

2. Қаулының орындалуына бақылау жасау Қостанай облысы әкімінің орынбасары С.Ә. Құлмағанбетовке жүктелсін.

Облыс әкімі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ о с т а н а й о б л ы с ы ә к і м и я т ы н ы ң
2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 0 а қ п а н д а ғ ы
N 47 қаулысымен бекітілген

**Азаматтардың жекелеген санаттарын
санаторлық-курорттық емдеу үшін облыстық бюджеттің
қаражаты есебінен жеңілдіктер беру
Ережесі <*>**

Ескерту. Ереженің атауына өзгерістер енгізілді, кіріспесі алынып тасталды - Қостанай облысы Әкімиятының 2005 жылғы 21 ақпандағы N 62 қаулысымен.

I. Жалпы ережелер

1. Ереженің 2-тармағында көрсетілген азаматтардың жекелеген санаттарына емдеу жөніндегі жеңілдіктер, оларды әлеуметтік қолдауға, сауықтыруға және бейімдеуге бағытталған санаторлық-курорттық емдеуді қамтамасыз ету түрінде беріледі. < * >

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Әкімиятының 2005 жылғы 21 ақпандағы N 62 қаулысымен.

2. Санаторлық-курорттық жолдамаларды ақысыз алуға Ұлы Отан соғысына қатысушылары құқылы. < * >

Ескерту. 2 тармақтың 2)-тармақшасы жаңа редакцияда - Қостанай облыстық әкімиятының 2004 жылғы 11 ақпандағы N 30 , өзгерістер мен толықтырулар енгізілді - 2005 жылғы 21 ақпандағы N 62 ; 2-тармаққа жаңа редакцияда - Қостанай облыстық әкімдігінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 14 қаулыларымен.

3. Азаматтардың санаторлық-курорттық емдеу құжаттарын ресімдеуді және есеп жүргізуді арыз берушінің тұрғылықты жері бойынша аудандық, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері (әрі қарай - уәкілетті орган) жүргізеді. < * >

Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Әкімиятының 2005 жылғы 21 ақпандағы N 62 қаулысымен.

II. Қажетті құжаттар тізбесі

4. Тегін санаторлық-курорттық емдеуге құқығы бар адам уақытын көрсетіп, уәкілетті органға арыз береді.

Арызға төмендегі құжаттар тіркеледі:

1) азаматтың санаторлық-курорттық емге мұқтаждығы туралы жергілікті жердегі емдеу мекемесінің қорытындысы.

Санаторлық-курорттық емдеудің қажеттілігі туралы емдеу мекемесінің қорытындысы тиісті бланкіде ресімделеді, оған тиісті уәкілетті адам қол қойып, мөрмен растайды.

Қорытындыда міндетті түрде берілген уақыты көрсетіледі.

2) арыз берушінің жеке куәлігінің көшірмесі;

3) алынып тасталды ;

4) Ұлы Отан соғысына қатысушысы куәлігінің көшірмесі. < * >

Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Әкімиятының 2005 жылғы 21 ақпандағы N 62 ; 4-тармаққа 4) тармақшасына жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 14 қаулыларымен.

5. алынып тасталды ; < * >

1) алынып тасталды ; < * >

Ескерту. 5 тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облыстық әкімиятының 2004 жылғы 11 ақпандағы N 30 , 2005 жылғы 21 ақпандағы N 62 ; 5 тармаққа алынып тасталды - Қостанай облыстық әкімдігінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 14 қаулыларымен .

6. Уәкілетті органға ақысыз санаторлық-курорттық емделуді қамтамасыз етуге қажет құжаттардың салыстыру үшін түпнұсқасы және көшірмесі тапсырылады. Салыстырғаннан кейін арыз берушіге құжаттардың түпнұсқасы қайтарылады. Уәкілетті органның қызметкерлері құжаттардың көшірмелерін растайды және істі ресімдейді.

7. Жоғарыда көрсетілген құжаттардың бірі болмаса, ақысыз санаторлық-курорттық емделу мүмкіндігі берілмейді.

8. Арыз беруші арызда және құжаттарда көрсетілген мәліметтің толықтығына , растығына заңдылықтарға сәйкес жауапты болады.

9. Уәкілетті орган азаматтардың санаторлық-курорттық емделуі үшін ақысыз жолдамаларды берілген арызға сәйкес кезек тәртібімен (тіркеу) береді. <*>

Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Әкімиятының 2005 жылғы 21 ақпандағы N 62 қаулысымен.

10. Санаторлық-курорттық емделуге ақысыз жолдама беруден бас тартқан жағдайда, уәкілетті орган арыз бергеннен кейін 10 күн ішінде арыз берушіге бас тартудың дәлелін келтіріп, жауап беруге міндетті.

11. Уәкілетті орган емделу үшін санаторлық-курорттық жолдама бермеген жағдайда, ақшалай өтемақы төленбейді. <*>

Ескерту. 11-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Әкімиятының 2005 жылғы 21 ақпандағы N 62 қаулысымен.

12. Санаторлық-курорттық емделу жолдамасы календарлық жыл ішінде бір рет беріледі.

III. Санаторлық-курорттық емделуге жолдама алу және беру тәртібі

13. Санаторлық-курорттық емделуге жолдамаларды "Қостанай облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - департамент) облыстық бюджет есебінен мемлекеттік сатып алулар туралы заңдылықтарға сәйкес алады. <*>

Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Әкімиятының 2005 жылғы 21 ақпандағы N 62 қаулысымен.

1 3 - 1 . < * >

Ескерту. 13-1 тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Әкімиятының 2005 жылғы 21 ақпандағы N 62 қаулысымен; 13-1 тармаққа алынып тасталды - Қостанай облысы әкімдігінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 14 қаулысымен.

13-2. Мүгедектер мен ардагерлерді оңалту»кіші бағдарламасы шеңберінде ақысыз санаторлық-курорттық жолдамалармен қамтамасыз етіледі. <*>

Ескерту. 13-2 тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы Әкімиятының 2005 жылғы 21 ақпандағы N 62 ; 13-2 тармаққа жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 14 қаулыларымен.

14. Уәкілетті орган ақысыз санаторлық-курорттық жолдама алуға құқылы азаматтардың тізімін ресімдейді және ай сайын департаментке береді. <*>

Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Әкімиятының 2005 жылғы 21 ақпандағы N 62 қаулысымен.

15. Департамент уәкілетті органдардың берген тізімдеріне сәйкес санаторлық - курорттық емдеу жолдамаларын белгіленген мақсат бойынша пайдалану үшін аудандық (қалалық) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне бөліп береді. <*>

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Әкімиятының 2005 жылғы 21 ақпандағы N 62 ; 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 14 қаулыларымен.

16. Берілген жолдамада уәкілетті орган азаматтың тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, Ұлы Отан соғысына қатысушы куәлігінің нөмірі және берілген күні көрсетуге тиіс. <*>

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді - Қостанай облысы Әкімиятының 2005 жылғы 21 ақпандағы N 62 ; 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 14 қаулыларымен.

17. Санаторлық-курорттық емделуге берілетін жолдамаға уәкілетті органның бастығы, немесе оның орынбасары қол қояды және мөрмен растайды.